

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 қаңтардағы N 59 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.05.2013 № 499 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:** қ а р а ң ы з . Z 0 7 0 3 1 9

1. Қоса беріліп отырған Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережесі б е к і т і л с і н .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2005 жылғы 25 қаңтардағы

N 59 қаулысымен

бекітілген

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары қызметінің ҮЛГІ ЕРЕЖЕСІ

1. Негізгі ережелер

1. Осы Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңына сәйкес

әзірленген және меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына карамастан, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының қызметін реттейді. Z070319

2. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары (бұдан әрі - білім беру ұйымы) - жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға тұратын орын беріп, олардың тәрбиеленуіне, білім алуына қолайлы жағдай жасалатын білім беру жүйесінің ұйымдары болып табылады.

2. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының түрлері және оларға қойылатын талаптар

3. Білім беру ұйымдары мынадай түрде құрылуы мүмкін:
жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған
м е к т е п - и н т е р н а т ;

с ә б и л е р ү й і ;

жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған
б а л л а р ү й і ;

жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, кемтар балаларға
а р н а л ғ а н б а л л а р ү й і ;

отбасы үлгісі бойынша балалар үйі;

отбасылық үлгідегі балалар үйі;

"балалар үйі-мектеп-кәсіптік мектеп" кешені;

отбасылық үлгідегі балалар ауылы;

ж а с т а р ү й і ;

ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың уақытша болуына
арналған орталық (баспана) және басқалар.

Білім беру ұйымдары мемлекеттік, жеке меншік болуы мүмкін.

4. Білім беру ұйымы заңды тұлға болып табылады, оның оқшауланған мүлкі, өз атауы жазылған мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банкте шоты болады.

Білім беру ұйымы тәрбие бағдарламасын тәрбиеленушілердің психикалық-физиологиялық ерекшеліктеріне, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың денсаулығын сақтау, құқықтары мен мүдделерін қорғау талаптарына сәйкес дербес әзірлейді.

5. Білім беру ұйымы өз қызметін "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, заңға тәуелді нормативтік кесімдерге, осы Ережеге және ұйымның жарғысына сәйкес жүзеге асырады.

6. Білім беру ұйымдары нақты міндеттері мен балаларды ұстау, оқыту және тәрбиелеу, қызмет режимі ерекшеліктеріне қойылатын талаптарға қарай:

ерте және мектепке дейінгі жастағы балалар үшін;

мектеп жасындағы балалар үшін;

ерте, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалар үшін;

білім беру ұйымдарын бітірушілер үшін құрылады.

7. Білім беру ұйымдарында әр жастағы және бірыңғай жастағы балалардан тәрбиелеу топтары құрыла алады.

8. Білім беру ұйымының тәрбиешілері үшін нормативтік жүктеме аптасына 25 сағатты құрайды.

9. Аумағында ұйым орналасқан жергілікті білім беруді басқару органдары меншік нысанына қарамастан, жергілікті бағынысты ұйымдарда оқу-тәрбие процесі мазмұнының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкестігін, балалардың өмір сүру, оқу және тәрбиелену жағдайларын, осы ұйымның басшы және педагогикалық кадрлармен толықтырылуын мерзімді бақылауды жүзеге асырады, оқу-тәрбие процесінде әдістемелік көмек көрсетеді.

10. Білім беру ұйымында медициналық қызмет көрсетуді ұйымның әкімшілігімен бірлесе отырып, балалардың денсаулығын қорғауды, олардың психикалық-дене жағдайын нығайтуды, алдын алу іс-шараларын жүргізуді, ұйымның санитарлық-гигиеналық жағдайын, тамақтандырудың, оның ішінде емдәмдік тамақтандырудың ұйымдастырылуын бақылауды қамтамасыз ететін штаттық медициналық персонал Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

3. Тәрбиеленушілерді қабылдау, ұстау және бітірту тәртібі

11. Білім беру ұйымына бүкіл күнтізбелік жыл бойында туылғаннан бастап 18 жасқа дейінгі (жастар үйлеріне - 23 жасқа дейінгі балалар үйлері мен балалар а у ы л ы н ы ң

б і т і р у ш і л е р і) :

ж е т і м б а л а л а р ;

ата-аналық құқықтарының шектелуіне немесе олардан айырылуына, ата-анасының хабарсыз кетті деп танылуына, олар өлді деп жариялануына, әрекетке қабілетсіз (әрекет қабілеті шектелуі) деп танылуына, ата-анасының бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне, ата-анасының баласын тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруына,

оның ішінде ата-анасының өз баласын тәрбиелеу немесе емдеу мекемесінен алудан бас тартуына байланысты, сондай-ақ ата-анасы қамқорлық жасамаған өзге де жағдайларда жалғызбасты ата-анасының немесе екеуінің де қамқорлығынсыз қалған балалар қабылданады.

12. Медициналық көрсеткіштер бойынша немесе басқа бір себептермен бұл балаларды тәрбиелеу мен оқыту бөлек жүзеге асырылуы тиіс болатын жағдайларды қоспағанда, бір отбасының мүшелері немесе туыстық қатынастағы балалар бір білім беру ұйымына жіберіледі.

13. Ұйымға жіберілетін әр балаға мынадай құжаттар ұсынылады: білім беру ұйымына жіберу туралы жергілікті атқарушы органдардың шешімі ;

туу туралы куәлік ;
денсаулық жағдайы мен екпелері туралы медициналық құжаттар;
білім туралы құжаттар (мектеп жасындағы балалар үшін);
баланың өмір сүру жағдайын тексеру актісі;
ата-анасы немесе оларды алмастыратын адамдар туралы мәліметтер (ата-анасының қайтыс болғаны туралы куәліктердің көшірмелері, соттың шешімі, ата-анасының ауруы немесе оларды іздестіру туралы анықтама және ата-анасының жоқтығын немесе олардың өз балаларын тәрбиелеуге мүмкіндігі жоқтығын растайтын басқа да құжаттар);
аға-інілерінің, апа-сіңлілерінің және басқа да жақын туыстарының бар-жоғы және олардың тұратын жері туралы анықтама;
ата-анасы қайтыс болғаннан кейін қалған мүліктердің тізімдемесі, оның сақталуына жауапты адамдар туралы мәліметтер;
кәмелетке толмағандарға тұрғын үй алаңын бекітіп беру туралы құжаттар;
зейнетақы, жәрдемақы алатындардың зейнетақы кітапшасы, алимент өндіріп алу туралы сот шешімінің көшірмесі (оларды балаға ата-анасының бірі немесе оны алмастыратын адам алатын кезде).

14. Бір білім беру ұйымынан екіншісіне ауысқанда немесе бітірген кезде тәрбиеленушіге :

туу туралы куәлік (жеке куәлік);
ұйымда болғаны туралы анықтама;
денсаулық жағдайы мен екпелері туралы анықтама;
білімі туралы құжат;
ата-анасы немесе туысқандары туралы мәліметтер;
егер жеке ісінде осындай болса, мүлікке, ақшалай қаражатқа, бұрын ол немесе ата-анасы тұрған тұрғын үй алаңына оның құқығын растайтын құжаттар,

зейнетақы және жинақ кітапшалары, алимент өндіруге арналған орындау парағы және басқа да құжаттар беріледі.

15. Тәрбиеленушілер міндеттерін бұзғаны үшін оларға білім беру ұйымының жарғысында көзделген тәртіптік ықпал ету шаралары қолданылуы мүмкін.

16. Білім беру ұйымы (отбасылық үлгідегі балалар үйлерінен, отбасылық үлгідегі балалар ауылынан, жастар үйінен басқа) тәрбиеленушілерін бітірту ұйымның педагогикалық кеңесінің шешімімен жүргізіледі.

4. Оқу-тәрбие жұмысы және тәрбиеленушілердің тұрмысын ұйымдастыру

17. Жалпы білім беретін мектебі бар білім беру ұйымындағы оқу-тәрбие процесі жалпы орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орындары қызметінің үлгі ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Ұйымдағы тәрбие жұмысы тәрбиеленушілердің қызығушылығын, бейімділігі мен психикалық-дене ерекшеліктерін ескере отырып, балалар мен ересектердің ынтымақтастығы қағидатымен жүргізіледі.

Жалпы білім беретін мектебі жоқ білім беру ұйымы мектеп жасындағы тәрбиеленушілердің тиісті жалпы білім беретін мектепте оқуын қамтамасыз етеді.

18. Білім беру ұйымында тәрбиеленушілердің патриоттық, азаматтық, интернационалдық, жоғары мораль және адамгершілік сезімін қалыптастыруға, сондай-ақ жан-жақты ынталары мен қабілеттерін дамытуға бағытталған әр түрлі клубтар, секциялар, үйірмелер, студиялар құрылуы мүмкін.

Білім беру ұйымы тәрбиеленушілердің қызығушылығын ескере отырып, олардың жалпы білім беретін мектептегі, оқушылар сарайлары мен үйлеріндегі, жас техниктер мен жас натуралистер станцияларындағы, спорт және музыка мектептеріндегі, сондай-ақ басқа да мектептен тыс ұйымдардағы үйірмелер мен секцияларға баруын қамтамасыз етеді.

19. Білім беру ұйымы тәрбиеленушілерінің зейнетақы және асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды алу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделеді.

5. Мектепке дейінгі бөлімнің (топтың) жұмысын ұйымдастыру

20. Білім беру ұйымында мектепке дейінгі бөлімдер (топтар) мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың туыстық қатынастарын сақтау мақсатында

қ ұ р ы л а д ы .

21. Мектепке дейінгі бөлімдер (топтар) өз қызметінде Мектепке дейінгі мекемелердің үлгі ережесін және осы Ережені басшылыққа алады.

22. Ұйымның мектепке дейінгі бөлімінің тәрбиеленушілері мынадай жас топтарына бірігеді:

туғаннан 3 жасқа дейін - бірінші кіші топ;
3-тен 4 жасқа дейін - екінші кіші топ;
4-тен 5 жасқа дейін - естиярлар тобы;
5-тен 6 жасқа дейін - ересектер тобы;
6-дан 7 жасқа дейін - мектепке даярлау тобы.

Қажет болған жағдайда топтарды әр түрлі жастағы балалардан жинақтауға болады.

23. Мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу, оқыту және олардың күн тәртібі мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Білім беру ұйымын басқару

24. Білім беру ұйымдарын басқару Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

25. Білім беру ұйымын алқалық басқару нысандары педагогикалық кеңес, қамқоршылық кеңес болып табылады.

26. Білім беру ұйымын тікелей басқаруды ұйым құрылтайшысы тағайындайтын директор жүзеге асырады.

27. Білім беру ұйымы басшысының мәртебесі осы Ережемен айқындалады және жарғымен бекітіледі.

28. Білім беру ұйымының басшысы ұйымдастыру қабілетіне ие, жоғары педагогикалық білімі және кемінде 5 жыл педагогикалық жұмыс стажы бар, үздік педагогикалық қызметкерлер арасынан тағайындалады.

29. Білім беру ұйымының басшысы:
заңнамада белгіленген тәртіппен ұйым қызметкерлерін қызметтерге тағайындайды және қызметтерден босатады;
өзге де ұйымдармен өзара қатынаста білім беру ұйымын білдіреді;
ұйымның жарғысында көзделген өзге де функцияларды орындайды.

Басшының еңбегіне ақы төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделеді.

30. Ұйым қызметкерлерінің құқықтары, міндеттері, әлеуметтік кепілдіктері мен жеңілдіктері " Білім туралы " Қазақстан Республикасының Заңымен, еңбек заңнамасымен, жарғымен, Ішкі тәртіп ережесімен айқындалады.

7. Білім беру ұйымының материалдық базасы, қаржыландыру және есеп беру

31. Білім беру ұйымы жергілікті жағдайларға қарай қосалқы ауыл шаруашылығын, оқу-тәжірибе телімін және оқу-өндірістік шеберханалар құра а л а д ы .

32. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мемлекеттік білім беру ұйымы жергілікті бюджеттен қ а р ж ы л а н д ы р ы л а д ы .

Қосымша қаражат тарту оны қаржыландырудың нормативтері мен абсолюттік мөлшерін қысқартуға әкеп соқтырмайды.

33. Білім беру ұйымы белгіленген нысан бойынша іс қағаздарын жүргізеді және бағыныстылығына қарай білім беру органдарына есеп береді.

34. Білім беру ұйымының халықаралық ынтымақтастығы Қазақстан Республикасының заңнамасы және халықаралық шарттар, келісімдер, конвенциялар негізінде жүзеге асырылады.

8. Ұйымды қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі

35. Ұйымды қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.